**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы : Сарат ЖОББМ

Топ : Мектепалды сынып

Балалардың жасы : 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 05-10.12.2022ж

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | -Әдепті түрде сәлемдесуге дағдыландыру;<br>-Көңіл-күйін сұрау;<br>-Үйдегі, жол бойғы қызықты оқиғаларын тыңдау. (қазақ тілі) | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың ерте жатып, ерте тұруы, бақшаға кешікпей келуі, таза келуі, көңіл-күйі жайлы шағын әңгіме жүргізу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br><br>**Үстел үсті ойыны** №2<br>картотека «Құрылысшы»<br>Конструкторларды пайдалана отырып үлгі бойынша құрастыру.<br>Түсі, саны, көлемі бойынша сұрақтарға жауап беру. | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br><br>**Үстел үсті ойыны** №5<br>картотека «Лабиринт» Қысқы табиғат құбылыстарына жол табу, сұрақтарға жауап беру. | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті**<br><br>Кітап, журнал беттерінен қыс мезгілінің суреттерін қарау, алған әсерлерімен бөлісу. | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br><br>**Үстел үсті ойыны** №5<br>«Лабиринт»<br><br>Қыс мезгіліне тән құбылыстарды жолын тауып сәйкестендіру, берілген сұрақтарға сурет бойынша жауап алу. | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br><br>«Алақай, қыс келді!» тақырыбында бейнелеу, сурет салу. Бейнелеуде көк, ақшыл түстерге жақын болып, қыстың бейнесін бейнелеуге тырысу. |
| **Таңертенгі жаттығу** | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешенін музыка ырғағымен таза ауада орындау. **(музыка)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңберіне жиналу.**<br>*Сәлем, сәлем аппақ қар,*<br>*Қош келдің мезгіл, аппақ қыс.*<br>*Өзіңді күтіп асыға*<br>*Жаттап алдық тақпақ біз.*<br>*Айналаның осындай,*<br>*Аппақ түске енгені,*<br>*Білесің бе, досым-ай?!*<br>*Қыс мезгілі келгені.* (Г.Есқалиева) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Математика негіздері**<br>Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең») анықтау, түсіну.<br>Тәулік бөліктері бойынша еркін әңгімелесу.<br>**Әңгіме барысында балаларға берілетін қосымша сұрақтар:**<br>*-Кеше не істедіңдер?*<br>*-Бүгін ауа райы қандай?*<br>*-Ертең не үйренгің келеді?*<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Ана тіліндегі айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз з-с дыбыстарын дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**Қолданылатын сөздер:** қыс – қыз, қыста-қызда, қыс-жаз, сіз-біз.<br>**Дидактикалық ойын** №5 картотека «Ауа райы»<br><br>**Қазақ тілі**<br>Қазақ тіліне тән **қ** дыбысын, осы дыбыстан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту.<br>**Қолданылатын негізгі сөздер:** *қыс, қар, қала..*<br>**Дидактикалық ойын** №13 картотека «Бейне және мезгіл»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Гимнастикалық скамейка бойымен жүруге үйрету.<br>**Спорттық жаттығу бойынша,** қыстық спорт түрлерімен таныстыру.<br>**Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.** | **Математика негіздері**<br>Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа байланысты емес екенін түсіндіру.<br>**Дидактикалық ойын №4** «Санына қарай топтастыр»<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Балалардың кітапқа деген қызығушылықтарын дамыту. Жаңылтпаш айту арқылы шешендік сөз өнеріне баулу.<br>**Жаңылтпаш**<br>*Қыс қатты-ақ,*<br>*Қыспаққа-ап.*<br>*Құс тоңып жүр,*<br>*Қыстап қап.*<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дабыстарды анықтау;<br>Сөздер ішіндегі «Ш» дыбысына назар аудару, дыбыстың сөздегі орнын табу. Әріпті үлгі үстінен басып жазу, қолды жазуға дайындау.<br>Қолданылатын негізгі сөздер: *«Шана», «Шаңғы», «шайба».*<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар** №1 картотека «Әріпті балмұздақ»<br>№10 «Дыбыстық талдау»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту, қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу.<br>**Спорттық жаттығу:** Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Шана туралы, | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дабыстарды анықтау;<br>Сөздер ішіндегі «Я» дыбысына назар аудару, дыбыстың сөздегі орнын табу. Әріпті үлгі үстінен басып жазу, қолды жазуға дайындау.<br>Қолданылатын негізгі сөздер: *«Аяз», «Ұя», «Аяқ».*<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар** №1 картотека «Әріпті балмұздақ»<br>№10 «Дыбыстық талдау»<br><br>**Музыка**<br>Әуеннің ырғақтың бейнесін ұрмалы және сілкімелі аспаптарда жеке және топпен ойнау.<br>**Қолданылатын аспаптар:** барабан, сылдырмақ, асатаяқ.<br>**Ән айту:** «Аппақ қар» Б.Бейсенова<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру.**<br>Қалаулары бойынша орталықтарға бөлініп қардың суретін салу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру. Құрастыру бойынша табиғи мақтадан қар бейнесін жасау.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Қысқы табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету.<br>**Қыс мезгілі туралы жұмбақтар жасыру.** | **Математика негіздері**<br>Заттардың саны олардың пішініне, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.<br>**Дидактикалық ойын №4** «Санына қарай топтастыр»<br>*(Қар, шана, аққала, шаңғы, қыстық киім бейнелерін санына қарай топтастыру)*<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Ана тіліндегі айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз з-с дыбыстарын дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**Дидактикалық ойын.** «Сөйлемді аяқта»<br>**Ойынның шарты:** Тәрбиеші сөйлемнің алғашқы сөзін айтып суретін көрсетеді, балалар жалғасын тауып, сөйлемді аяқтайды.<br>**Қолданылатын сөздер:** мынау қысқы, мынау жазғы, мынау күзгі.<br><br>**Қазақ тілі**<br>Қыс мезгілі туралы шағын өлеңдер, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешу. **Дидактикалық ойын** №13 картотека «Бейне және мезгіл»<br><br>**Музыка**<br>Әуеннің ырғақтың бейнесін ұрмалы және сілкімелі аспаптарда жеке және топпен ойнау.<br>**Қолданылатын аспаптар:** барабан, сылдырмақ, асатаяқ.<br>**Ән айту:** «Аппақ қар» Б.Бейсенова | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дабыстарды анықтау;<br>Сөздер ішіндегі «Ш» және «Я» дыбыстарына назар аудару, дыбыстың сөздегі орнын табу. Қолды жазуға дайындау.<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар**<br>№10 «Дыбыстық талдау»<br>№42 картотека «Шардағы әріптер»<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Балалардың кітапқа деген қызығушылықтарын дамыту. Жаңылтпаш айту арқылы шешендік сөз өнеріне баулу.<br>**Жаңылтпаш**<br>*Көпті көп,*<br>*Азды аз дейміз.*<br>*Қысты қыс,*<br>*Жазды жаз дейміз.*<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Қысқы табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету.<br>**Қыс мезгілі туралы жұмбақтар жасыру.**<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу.<br>**Спорттық ойын:** Футбол элементтері. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу.<br>**Қимылды ойын** №14 картотека «Допты қуып жет» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шанамен сырғанау туралы түсіндіру. | | | |
| **Серуенге дайындық** | Өз-өзіне қызмет көрсету. Өз еркімен аяқ киімін ауыстырып, бас киімдерін киіп, қатарға тұру дағдыларын қалыптастыру. Ауа райын ескеру. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. **(қазақ тілі)**<br>Қатармен жұптасып жүре отырып, музыка іс әрекетінен үйренген әндерін айқайламай хормен орындай отырып ойын алаңына бару. **(музыка)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br>Аспанды бақылау, аспанға ұзағырақ қарау арқылы құстардың жоғын байқау, жылы жаққа ұшып кеткен құстар туралы және қыстап қалатын құстар туралы шағын әңгімелесу.<br><br>**Қимылды ойын** №9<br>«Торғайлар мен қарғалар» | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br>Қысқы ағашты бақылау.<br><br>**Қимылды ойын** №5 картотека «Үйшік»<br><br>Балалардың еркін ойын әрекеті | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br><br>**Қыста ауа райында қандай өзгерістер болады?**<br>Жерді қар басады.Өзенді мұз басады.<br>Құстар ән салмайды.Ағаштар өспейді.<br>Жәндіктер тығылып қалады.<br>Адамдар қалың киінеді.<br><br>**Қимылды ойын** №5 картотека «Үйшік» | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br><br>Күнді бақылау. Күннің көзіне ұзақ отырып оны жаз мезгілімен салыстыру.<br>Жаз мезгіліндегідей қатты ыстық болмайтынын түсіну.<br><br><br>Балалардың еркін ойын, еңбек әрекеті | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br>Ауа райын, салқын ауаны бақылау. Ауызбен үрлеу арқылы бу шығару. Әрекеттен алған әсерлерін әңгімелеу, тәрбиеші сұрақтарына жауап іздеу. |
| **Серуеннен оралу** | -Топқа оралуға дайындалу, үстерін қағу, қатарға тұру;<br>-Қатарды бұзбай топқа оралып, аяқ киімдерін ауыстыру, бас киімдерін жоғарғы сөреге қою; **(еңбек іс-әрекеті)**<br>-Әжетхананы дұрыс қолдану, беті- қолдарын сабынмен мұқият жуу; **(еңбек іс-әрекеті)**<br>-Серуен кезіндегі бақылауды еске түсіріп, сұраққа жауап беру; **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>-Жаңылтапшатар қайталап, жұмбақтар шешу. **(қазақ тілі)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет**<br><br>Еркін ойын әрекеті.<br>Ойнап отырған заттарының түсіне, пішініне, санына байланысты сұрақтар қойып танымдық қабілеттерін арттыру, сұраққа жауап алу арқылы сөйлеу тілін жаттықтыру. | «Қысқы ағаш» тақырыбында бейнелеу.<br>**(Бейнелеу)**<br><br>Музыкадан берілген әнді әуенімен тыңдап, сөзін қайталап жаттау.<br>Ырғақты қимылдар орындау.<br>**(Музыка)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет**<br><br>**Үстел үсті ойыны** №1 «Пазлдар әлемі»<br>Топтарға бөлініп пазлдардан қыс бейнесін құрастыру.<br><br>**(Еңбек іс-әрекеті)**<br>Пазлдарды өз қалташасына ұқыпты жинап салу. | Көңілді музыкаға қарапайым ырғақты би қимылдарын орындай отырып бойларын сергіту.<br>**(Музыка)**<br><br>Кітап қарау, қысқы ойындардың суреттері берілген кітапшаларды қарау, суреттерге қарап әңгіме құрау, балаларға ат қою.<br>**(Қазақ тілі)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет**<br>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасау.<br>Бақылау,сұрақтар қойып жауап алу.<br><br>**Үстел үсті ойыны «Құрылысшы»**<br>Берілген карточкадағы бейнені құрастырғыштармен құрастыру, биіктігін, санын, түсін ескеру. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балалар күні бойғы іс-әрекет кезінде жеке жұмысты қажет ететін балаларға көңіл бөлу, ептілік дағдыларын қалыптастыру. Жеке түсіндіріп, көрсету, қайталату. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Күннің салқындауына байланысты жылы киіну туралы кеңес беру | Үй ауласындағы қысқы өзгерістерді ата-анасымен бірге бақылауға кеңес беру | Үйде баламен түрлі тақырыпта көбірек әңгімелесуге кеңес беру | Ата-аналармен баланың балабақша бейімделуі жайында сұхбат | Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы : Сарат ЖОББМ

Топ : Мектепалды сынып

Балалардың жасы : 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі:12 -16.12.2022ж

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | -Әдепті түрде сәлемдесуге дағдыландыру;<br>-Көңіл-күйін сұрау;<br>-Үйдегі, жол бойғы қызықты оқиғаларын тыңдау. (қазақ тілі) | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың ерте жатып, ерте тұруы, бақшаға кешікпей келуі, таза келуі, көңіл-күйі жайлы шағын әңгіме жүргізу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br><br>**Үстел үсті ойыны** №6 «Домино»<br><br>Ұлттық нақыштағы бейнелерді біріктіру арқылы домино ойынын ойнау | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br><br>Мемлекеттік рәміздердің суреттерін көрсете отырып, жұмбақтар жасыру. | **Үстел үсті ойыны**<br><br>№11 картотека «Сөзжұмбақ»<br><br>Суретіне қарап сөзжұмбақты шешу. Қиылған дыбыстарды тәрбиешімен бірге орналастыру. | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br><br>**Үстел үсті ойыны** №4 картотека «Таяқшалар»<br><br>Түрлі үлгілерге қарап таяқшаларды орналастыру. | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br><br>Кітап, журнал беттерінен Отан, Қазақстан туралы суреттер қарау.<br><br>Өздері қалағандай «Менің Отаным» тақырыбында үлгіге қарап бейнелеу және бояу. |
| **Таңертенгі жаттығу** | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешенін музыка ырғағымен таза ауада орындау. **(музыка)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Жылулық шеңберіне жиналу.**<br>*Алға қадам бастымда,*<br>*Бір шаңырақ астында,*<br>*Кездестім көп достармен*<br>*Ел бірлігін сақтаған,*<br>*Әнұранын жаттаған,*<br>*Және көрдім достарды*<br>*Әдептен еш аспаған.* (Г.Есқалиева) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Математика негіздері**<br>Теңдік туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру, алған білімдерін бекіту. | **Музыка**<br>Патриодтық бағыттағы әндерді орындап жігерлену, әнді | **Математика негіздері**<br>Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дидактикалық ойын** №45 картотека «Теңдік және теңсіздік»<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Балалардың сөздік қорларын адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.<br>**Дидактикалық тапсырма:** «Суретке қарап сөйлем құрау»<br><br>**Қазақ тілі**<br>Қазақ тіліне тән  қ , ғ, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту.<br>**Қолданылатын сөздер:** «**Қ**азағыстан», «**қ**оғам», «**Ғ**арыш», «**қ**аза**қ**», «**қ**а**ғ**аз».<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату.<br>**Порттық ойын:** Шанамен сырғанау | жігерлене орындау.<br>**Муз.тыңдау:** «Елім менің» Б.Тілеухан<br>**Ән үйрену:** «Қазақстан» Дәрібаевтар<br>**Ұлттық аспаппен танысу:** дауылпаз, дабыл, даңғыра.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Санамақ айту арқылы шешендік сөз өнеріне баулу.<br>**Санамақ жаттау**<br>*Бір дегенің – білім,*<br>*Білім – жарық күнің.*<br>*Екі дегенің – еңбек,*<br>*Еңбек бәрін жеңбек.*<br>*Үш дегенің – үміт,*<br>*Үмітсіз жоқ жігіт.*<br>*Төрт дегенің – талап,*<br>*Талмайтұғын қанат.*<br>*Бес дегенің – бірлік,*<br>*Бірліксіз жоқ тірлік.*<br>*Алты дегенің – арман,*<br>*Атар таңың алдан.*<br>*Жеті дегенің – жігер,*<br>*Жетер жерін білер.*<br>*Сегіз дегенің – сенім,*<br>*Сүйенішің сенің.*<br>*Тоғыз дегенің – талғам,*<br>*Тура жолды салған.*<br>*Он дегенің – Отан,*<br>*Отанды сүй, ботам.*<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дабыстарды анықтау.<br>**Қолданылатын негізгі сөздер:** *«Отан», «Қала», «Ауыл», «Туған жер»*<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар**<br>№10 «Дыбыстық талдау»<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру** | топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.<br>**Дидактикалық ойын** №4 картотека «Санына қарай топтастыр»<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру.**<br>Қалаулары бойынша орталықтарға бөлініп «Менің Отаным» тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру, қиынды пішіндерден бейнені құрастыру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>**Ұлттық ойындар:** арқан тартыс, теңге алу.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Үстеу сөздер іс-әрекеттің, қимылдың мезгілін, мекенін, сын-бейнесін білдіретінін түсіндіру, сөздік қорларына үстеу сөздерді қосуды жалғастыру.<br>**Дидактикалық тапсырма:** «Суретке қарап сөйлем құрау» | дабыстарды анықтау.<br>**Қолданылатын негізгі сөздер:** *«Ту», «Елтаңба», «Әнұран», «Рәміз», «Ата-баба».*<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар**<br>№10 «Дыбыстық талдау»<br><br>**Қазақ тілі**<br>Қоршаған ортаңа өзінің қарым-қатынасын білдіруге көркем сөздерді қолдануға үйрету.<br>**Отан**<br>*Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,*<br>*Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.*<br>*Мен оның қасиетті тілін сүйем,*<br>*Мен оның құдіретті үнін сүйем.*<br>*Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,*<br>*Бәрі маған: «Отан» деп сыбырлаған.*<br>*Жаным менің,*<br>*Кеудемді жарып шық та,*<br>*Бозторғайы бол оның шырылдаған!*<br>*Отан!*<br>*Отан!*<br>*Бәрінен биік екен.*<br>*Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.*<br>*Отанды сүймеуің де күйік екен,*<br>*Отанды сүйгенің де күйік екен…*<br>***(Мұқағали Мақатаев)***<br>Өлеңді оқып беру, мағынасын талдау, түсіну, қайталау.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Санамақ айту арқылы шешендік сөз өнеріне баулу.<br>**Санамақты толықтырып жаттау, мағынасын түсіну.**<br><br>**Музыка**<br>Патриодтық бағыттағы әндерді орындап жігерлену, әнді жігерлене орындау.<br>**Муз.тыңдау:** «Елім менің» | дабыстарды анықтау.<br>**Қолданылатын негізгі сөздер:** *«Қазақ», «Ел», «Жер», «Тіл», «Ана тілі»*<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар**<br>№10 «Дыбыстық талдау»<br><br>**Математика негіздері**<br>Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.<br>**Дидактикалық ойын** №26 картотека «Санына қарай құрастыр»<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Мемлекеттік мерекенің, ұлттық мерекенің (Тәуелсіздік күні) маңыздылығын түсіну, оған белсене қатысу.<br>**Өлең жолдарын қайталайық!**<br>*Бабамның да арманы,*<br>*Осы еді ғой аңсаған,*<br>*Тәуелсіздік тандары*<br>*Бақ береді баршаға*<br>*Көк туымды қолыма*<br>*Бүгін берік ұстадым*<br>*Түсті бақыт жолыма*<br>*Менің Қазақстаным!*<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>**Ұлттық ойындар:** асық ату, ханталапай. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мемлекеттік мерекенің, ұлттық мерекенің (Тәуелсіздік күні) маңыздылығын түсіну, оған белсене қатысу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Құрастыру»<br>*Елтаңба мен ту бейнесін, Алматы мен Астана бейнесін құрастыру.* | | Б.Тілеухан<br>**Ән үйрену:** «Қазақстан» Дәрібаевтар<br>**Ұлттық аспаппен танысу:** дауылпаз, дабыл, даңғыра. | |
| **Серуенге дайындық** | Өз-өзіне қызмет көрсету. Өз еркімен аяқ киімін ауыстырып, бас киімдерін киіп, қатарға тұру дағдыларын қалыптастыру. Ауа райын ескеру. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. **(қазақ тілі)**<br>Қатармен жұптасып жүре отырып, музыка іс әрекетінен үйренген әндерін айқайламай хормен орындай отырып ойын алаңына бару. **(музыка)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br>Қысқы ағашты бақылау.<br>Ағаштағы қарды қадағалау, зерттеу.<br>Ағаш айналасын қардан тазалау.<br><br>**Қимылды ойын** №5 картотека «Үйшік»<br><br>Балалардың еркін ойын әрекеті | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br><br>Аспанды бақылау, аспанға ұзағырақ қарау арқылы құстардың жоғын байқау, жылы жаққа ұшып кеткен құстар туралы шағын әңгімелесу.<br><br>Ойын алаңын қарын тазалау.<br><br>**Қимылды ойын** №9 «Торғайлар мен қарғалар» | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br>Таза ауада отырып өлең жолдарын қайталау, жаттау.<br><br>**Қимылды ойын** «Қар атысу»<br><br>Екі топқа бөлініп, қар кесектерін лақтырып ойнау, қауіпсіздік ережелері, бетке лақтырмау керегі түсіндірілу. | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br><br>Күнді бақылау. Күннің көзіне ұзақ отырып оны жаз мезгілімен салыстыру.<br>Күн сәулесінің жаз мезгіліндегідей ыстық болмайтынын түсіну.<br><br><br>Балалардың еркін ойын, еңбек әрекеті | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br><br>*Ойнап жүріп топ бала*<br>*Жасап алдық аққала.*<br><br>Қардан аққала жасау.<br><br>Балалардың еркін ойын әрекетін бақылау. |
| **Серуеннен оралу** | -Топқа оралуға дайындалу, үстерін қағу, қатарға тұру;<br>-Қатарды бұзбай топқа оралып, аяқ киімдерін ауыстыру, бас киімдерін жоғарғы сөреге қою; **(еңбек іс-әрекеті)**<br>-Әжетхананы дұрыс қолдану, беті- қолдарын сабынмен мұқият жуу; **(еңбек іс-әрекеті)**<br>-Серуен кезіндегі бақылауды еске түсіріп, сұраққа жауап беру; **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>-Жаңылтпаштар қайталап, жұмбақтар шешу. **(қазақ тілі)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br>Балалар қалаулары бойынша орталықтарға бөлінеді.<br>«Менің туым» тақырыбында бейнелеу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру. Жұмысын таныстырып әңгімелеу | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br>Балалар қалаулары бойынша орталықтарға бөлінеді.<br>«Менің елтаңбам» тақырыбында бейнелеу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру. Жұмысын таныстырып әңгімелеу | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет**<br><br>**Үстел үсті ойыны** №1 «Пазлдар әлемі»<br>Топтарға бөлініп пазлдар құрастыру.<br><br>**(Еңбек іс-әрекеті)**<br>Пазлдарды өз қалташасына ұқыпты жинап салу. | **Қимылды ойын «Біздің шекара»**<br>Барлық балалар шеңбер болып байланған көк түсті лентаның ішіне кіріп, екі қолдарымен лентаны ұстап, сыртқа қарап жүріп әуен ырғағымен ақырын қозғалу, шеңбер айналу.Әуен тоқтағанда тоқтап, екі қолдарымен лентаны жоғары көтеру. **Тәрбиелік мәні:**Балалар жоғары көтерілген лентаға қарау | **Танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті.**<br><br>**«Менің елімнің картасы» бейнелеу ойыны**<br>Ортаға парта үстіне үлкен көлемді ҚР-ның картасы бейнеленген плакат қойылады. Карта жанына тарелкаға езілген түрлі түсті бояулар мен қол сүртуге арналған сулы шүберектер қойылады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | арқылы еліміздің шекарасын көруге болатынын, шекара туралы, ондағы халық туралы қысқаша айтылады.<br>**Ерекше сәт:** Лента жоғары көтерілгенде «Елім менің» әні қосылып ерекше патриодтық сезім сыйлайды. | Балалар қалаған түстеріне алақандарын толық батырып, картаның қалаған жерлеріне таңба етіп басу арқыл картаны алақан бейнесімен толтырады.<br>**Тәрбиелік мәні:** Балаларға біздің шекарамыз, біздің кең байтақ жеріміз туралы, ондағы әрбірінің өзіндік орны туралы айтылады. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балалар күні бойғы іс-әрекет кезінде жеке жұмысты қажет ететін балаларға көңіл бөлу, ептілік дағдыларын қалыптастыру. Жеке түсіндіріп, көрсету, қайталату. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Дидактикалық ойын**<br>«Өзара айырмашылығын тап»<br><br>Берілген ұқсас бейнелердің айырмашылықтарын тауып санау. | Музыка іс әрекетінен берілген әнді әуенімен еске түсіру, сөзін қайталап жаттау. | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br>Балалар қалаулары бойынша орталықтарға бөлінеді.<br>«Менің қалам» тақырыбында бейнелеу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру. Жұмысын таныстырып әңгімелеу | Кітап қарау, қалалардың, Отанның суреттері бейнеленген кітапшаларды қарау, суреттерге қарап әңгіме құрау. **(Қазақ тілі)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қазақ тілі.**<br><br>Ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдану, жаттау.<br>**Мақал-мәтелдер:** *«Отан – оттан да ыстық», «Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық»* |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Күннің салқындауына байланысты жылы киіну туралы кеңес беру<br>Үйде «Отан», «Рәміздер», «Тәуелсіздік» тақырыбында әңгімелесуге кеңес беру<br>Ата-аналармен баланың балабақшадағы және үйдегі көңіл-күйі жайында сұхбат<br>Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау, салауатты өсір салтын ұстану жөнінде кеңес беру. | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы : Сарат ЖОББМ

Топ : Мектепалды сынып

Балалардың жасы : 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 19-23.12.2022ж

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | -Әдепті түрде сәлемдесуге дағдыландыру;<br>-Көңіл-күйін сұрау;<br>-Үйдегі, жол бойғы қызықты оқиғаларын тыңдау. (қазақ тілі) | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың ерте жатып, ерте тұруы, бақшаға кешікпей келуі, таза келуі, көңіл-күйі жайлы шағын әңгіме жүргізу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br><br>Өздері қалаған кітап, журнал беттерін қарау, көргенін әңгімелеу. | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br><br>«Қысқы ойындар» тақырыбында өздері қалаған қысқы ойын түрін бейнелеу, әдемі, ұқыпты бояу. | **Танымдық іс-әрекет**<br><br>**Үстел үсті ойыны №4 картотека** «Таяқшалар»<br><br>Түрлі үлгілерге қарап таяқшалардан бейнелер құрастыру. | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br><br>**Үстел үсті ойыны** №5 картотека «Лабиринт» | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br><br>Өздері қалаған суретін үлгіге қарап бейнелеу, бояу |
| **Таңертенгі жаттығу** | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешенін музыка ырғағымен таза ауада орындау. **(музыка)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл-ған іс-әрекетке дайындық** | **Жылулық шеңбері**<br>Шеңбер бойымен, қағаздан жасалған қар кесегін бір-біріне жылы сөздер айту арқылы беру. | | | | |
| **Ұйымдастырыл-ған іс-әрекеттер** | **Математика негіздері**<br>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды орналастыру. «Сол жақта», «оң жақта» ұғымы туралы білімдерін бекіту.<br>**Дидактикалық ойын** №20 Картотека «Солға-оңға»<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Сөйлегенде бейнелі сөздерді | **Көркем әдебиет**<br>Көркем шығармаларды рөлдерге бөліп сахналау, рөлдерде кейіпкерлердің көңіл-күйі мен мінезін, бейненің қимылын бере білу.<br>**Көркем шығарма:** «Шана» ертегісі<br><br>**Сауат ашу негіздері** | **Математика негіздері**<br>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды орналастыру. «Жоғарыда», «төменде» ұғымы туралы білімдерін бекіту.<br>**Дидактикалық ойын** №55 Картотека «Жоғары-төмен»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>балаларды жарыс элементтері бар | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дабыстарды анықтау.<br>**Қолданылатын негізгі сөздер:** «мұз айдыны», «коньки», «шайба»<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар**<br>№10 «Дыбыстық талдау» | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дабыстарды анықтау.<br>**Қолданылатын негізгі сөздер:** «аққала», «қолғап», «аппақ қыс»<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар**<br>№10 «Дыбыстық талдау» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салыстыруды қолдану.<br>**Дидактикалық тапсырма**<br>«Суретке қарап әңгімелеу»<br>*Қысқы ойындар бейнеленген суреттерге қарап әңгімелеу, балаларға, ойынға ат қою.*<br><br>**Қазақ тілі**<br>Шағын өлеңдер, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешу.<br><br>**«Сырғанақ»**<br>*Айналаны әппақ қып,*<br>*Түнде қар мол жауыпты.*<br>*Қыр үстінде топ бала*<br>*Салды сайран-сауықты.*<br>*Сырғанаққа айналды*<br>*Төбе басы, тау үсті.*<br>*Шана тайып, құласа –*<br>*Дос құшақтар қауышты.*<br>Қ.Құныпияұлы<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату. Таза ауада **шана ойындарын** ұйымдастыру, қауіпсіздік ережелерін есте ұстау. | Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дабыстарды анықтау.<br>**Қолданылатын негізгі сөздер:** *«Қар», «Қыс», «Шана», «Шаңғы», «тау».*<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар**<br>№10 «Дыбыстық талдау»<br>№42 картотека «Шардағы әріптер»<br><br>**Музыка**<br>Ән айтуда музыкалық мәнерге мән беру<br>**Муз.тыңдау:** «Қыс қызығы» З.Акошева<br>**Ән үйрену:** «Алақай, қыс келді» Д.Байтілеуов<br>Сілкімелі аспаптарды ырғақ соғуда қолдану (қоңырау, сылдырмақ, асатаяқ)<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Заттық әлемде заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.<br>**Қысқы ойындарда колданылатын заттық құралдар** (шана, шаңғы, коньки, шайба) | ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>**Эстафеталық ойындар:**<br>«Кім жылдам», «Қар үстінде арқан тартыс», «Шана жарысы».<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру.**<br>*Сурет салу* кезінде қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру.<br>*Мүсіндеу* кезінде бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу.<br>*Жапсыруда* сюжеттік композиция жасау, оларды сәнді бөшектермен толықтыру.<br>*Құрастыру* бойынша құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу; *Қалаулары бойынша шығармашылық орталықтарға бөлініп, қысқы ойын құралдарын бейнелеу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру.*<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Сөйлемдегі сөздерді : зат есімдерді сан есімдермен үйлестіре білуді одан әрі жетілдіру, білімдерін бекіту.<br>**Дидактикалық тапсырма**<br>«Суретке қарап әңгімелеу»<br>*Қысқы ойындар бейнеленген суреттерге қарап әңгімелеу, балаларға, ойынға ат қою.*<br>**Қойылатын сұрақтар:** «Неше шана?», «Қанша бала?», «Неше шаңғы?», «Қанша бала шаңғы теуіп жүр?» | **Көркем әдебиет**<br>Жаңылтпаш айту арқылы шешендік сөз өнеріне баулу.<br><br>*Ойгада, қырғада,*<br>*Шанамен сырғана,*<br>*Шығып ал шыңға да.*<br><br>*Шаңғы тептім,*<br>*Таяқ жектім.*<br>*Жылдам еттім,*<br>*Бірінші жеттім.*<br><br>**Қазақ тілі**<br>Шағын өлеңдер, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешу.<br>**Жұмбақтар:**<br>*Зулап түсіп төменге,*<br>*Шықпас менсіз төбеге.* **(Шана)**<br><br>*Неше мүйіз танада,*<br>*Неше табан шанада.*<br>*Айта қойшы сана да*.<br>**(екі мүйіз танада, екі табан шанада).**<br><br>*Табаныма байладым,*<br>*Қос таяқпен айдадым.*<br>**(Шаңғы)**<br><br>**Музыка**<br>Ән айтуда музыкалық мәнерге мән беру<br>**Муз.тыңдау:** «Қыс қызығы» З.Акошева<br>**Ән үйрену:** «Алақай, қыс келді» Д.Байтілеуов<br>Сілкімелі аспаптарды ырғақ соғуда қолдану (қоңырау, сылдырмақ, асатаяқ) | **Математика негіздері**<br>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды орналастыру. «Сол жақта», «оң жақта», «жоғарыда», «төменде» ұғымдары туралы білімдерін пысықтау.<br>**Дидактикалық ойын** №20<br>Картотека<br>«Солға-оңға»<br>№55 картотека<br>«Жоғары-төмен»<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Заттық әлемде заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.<br>**Қысқы ойындарда қолданылатын заттық құралдар** (шана, шаңғы, коньки, шайба)<br><br>**Дене шынықтыру**<br>балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>**Эстафеталық ойындар:**<br>«Кім жылдам», «Қар үстінде арқан тартыс», «Шана жарысы». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Өз-өзіне қызмет көрсету. Өз еркімен аяқ киімін ауыстырып, бас киімдерін киіп, қатарға тұру дағдыларын қалыптастыру. Ауа райын ескеру. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. **(қазақ тілі)**<br>Қатармен жұптасып жүре отырып, музыка іс әрекетінен үйренген әндерін айқайламай хормен орындай отырып ойын алаңына бару. **(музыка)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет.**<br><br>**Ырғақты -қимылды ойын**<br>«Көңілді әуен» **(Музыка)**<br><br>Балалардың еркін ойын әрекеті<br><br>Бүгінгі ауа райының шанамен сырғанауға қолайлы не қолайсыз екенін ажыратып, әңгімелеу.<br>**Таза ауада жұмбақ шешу**<br>*Мініп алып ылғи да,*<br>*Тыңнан жол табамын,*<br>*Жоғарыдан ылдиға,*<br>*Жұлдыз болып ағамын.*<br>**Жауабы:** Шана | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br>Бүгінгі ауа райын бақылау.<br><br>Шеңберге тұрып, ауа райы туралы өз ойларын айту.<br>**(қазақ тілі)**<br><br>Жауған қарды, ағаш басындағы қарды бақылау, ойын алаңындағы сырғанақ үстерін қардан тазалау **( еңбек іс-әрекеті)**<br><br>Еркін ойындар. | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті**<br>Бүгінгі ауа райы бойынша желді бақылау.<br><br>Шеңберге тұрып, ауа райы, қар туралы өз ойларын айту. Бүгінгі ауа райының коньки тебуге, мұз айдынына баруға қолайлы не қолайсыз екенін ажыратып, әңгімелеу.<br><br>*Табанға қанжар байладым,*<br>*Бетінде айна ойнадым.*<br>Жауабы: Коньки<br>**(қазақ тілі)**<br><br>Еркін ойын әрекеті | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет.**<br><br>Шеңберге тұрып, ауа райы туралы өз ойларын айту. Бүгінгі ауа райының шаңғы тебуге қолайлы не қолайсыз екенін ажырату.<br>**Өлең жолдарын қайталау.**<br>*Байлап алып аяққа,*<br>*Зырылдайсың ал келіп.*<br>*Сүйеніп ап таяққа,*<br>*Жүйткітесің сәл желіп.*<br>**(қазақ тілі)**<br><br>Еркін ойын әрекеті. | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br>Бүгінгі ауа райын бақылау.<br><br>Музыка іс әрекетінен берілген әнді таза ауада әуенімен тыңдау, сөзін қайталап жаттау.<br><br>Қар үстінде еркін ойындар |
| **Серуеннен оралу** | -Топқа оралуға дайындалу, үстерін қағу, қатарға тұру;<br>-Қатарды бұзбай топқа оралып, аяқ киімдерін ауыстыру, бас киімдерін жоғарғы сөреге қою; **(еңбек іс-әрекеті)**<br>-Әжетхананы дұрыс қолдану, беті- қолдарын сабынмен мұқият жуу; **(еңбек іс-әрекеті)**<br>-Серуен кезіндегі бақылауды еске түсіріп, сұраққа жауап беру; **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>-Жаңылтпашатар қайталап, жұмбақтар шешу. **(қазақ тілі)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br><br>**Сұрақтарға бірге жауап іздейік!**<br>-Қыста қандай ойындар ойнаймыз?<br>(Қыста мұзға сырғанаймыз қар атыспақ, аққала жасаймыз, шанамен, шаңғымен сырғанаймыз.)<br><br>-Қысқы ойын құралдарын атайықшы**?** (шана, шаңғы, коньки, шайба)<br><br>-Қысқы ойындарды қызықты ететін не? (қар, мұз айдыны, тау) | **Үстел үсті ойыны** №8 картотека «Шаршы қатар»<br>Біртекті заттар түрлерін толықтыру, қатар бойынша қайталанбауын қадағалау.<br>**(танымдық іс-әрекет)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет**<br><br>**Қимылды ойын** №9 картотека «Торғайлар мен қарғалар» | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет**<br><br>**Үстел үсті ойыны** №1 «Пазлдар әлемі»<br>Топтарға бөлініп пазлдар құрастыру.<br><br>**(Еңбек іс-әрекеті)**<br>Пазлдарды өз қалташасына ұқыпты жинап салу. | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті.**<br>Егер дұрыс болса, балалар алақандарын шапалақтайды, дұрыс емес болса, аяқтарын топылдатады.<br>- Шанамен қарда сырғанаймыз<br>- Шаңғымен жазда сырғанаймыз<br>- Мұз айдынында коньки тебеміз.<br>- Күзде аққала жасаймыз<br>- Қарды ұстағанда қолды тоңдырады<br>- Қарды жеуге болады. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балалар күні бойғы іс-әрекет кезінде жеке жұмысты қажет ететін балаларға көңіл бөлу, ептілік дағдыларын қалыптастыру. Жеке түсіндіріп, көрсету, қайталату. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br>Балалар қалаулары бойынша орталықтарға бөлінеді.<br>«Менің шанам» тақырыбында бейнелеу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру. Жұмысын таныстырып әңгімелеу | Кітап қарау, қалалардың, қысқы ойындардың суреттері бейнеленген кітапшаларды қарау, суреттерге қарап әңгіме құрау. **(Қазақ тілі)** | **Қимылды ойын** №15 картотека «Аяз»<br><br>*Қырда, бәлкім сайдасың?*<br>*Кел, кел, аяз, қайдасың?!*<br>*Алты таудан асып кел!*<br>*Аппақ қарды басып кел!*<br>Ернұр Сейдахмет | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті**<br>Балалар қалаулары бойынша орталықтарға бөлінеді.<br>«Менің шаңғым» тақырыбында бейнелеу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру. Жұмысын таныстырып әңгімелеу | Музыкадан берілген әнді әуенімен тыңдап, сөзін қайталап жаттау. Ырғақты қимылдар орындау. **(Музыка)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | -Отбасымен қысқы ойындар туралы әңгімелесуге кеңес беру;<br>-Ата-аналардың сұрақтарына жауап;<br>-Ата-аналармен баланың балабақша бейімделуі жайында сұхбат;<br>-Демалыс күндері балалармен бірге көңілді уақыт өткізуге ұсыныс айту. | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы : Сарат ЖОББМ

Топ : Мектепалды сынып

Балалардың жасы : 5жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 26-29.12.2022ж

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | -Әдепті түрде сәлемдесуге дағдыландыру;<br>-Көңіл-күйін сұрау;<br>-Үйдегі, жол бойғы қызықты оқиғаларын тыңдау. (қазақ тілі) | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың ерте жатып, ерте тұруы, бақшаға кешікпей келуі, таза келуі, көңіл-күйі жайлы шағын әңгіме жүргізу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br>Кітап, журнал беттерінен суреттер қарау, жаңа жыл мерекесін әңгімелеу.<br>Мерекенің қызықты ерекшеліктерін айту. | **Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті , танымдық іс-әрекеті.**<br>Шырша бейнесін үлгіге қарап бояу, өз қалауынша ойыншықтармен безендіру. | **Танымдық іс-әрекет**<br>**Үстел үті ойыны №1 картотека** «Пазылдар әлемі»<br>Жаңа жыл мерекесінің ерекшеліктері бейнеленген пазлдарды құрап шығу, бейне бойынша әңгімелеу. | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br>**Қимылды ойын**<br>Топқа бөлініп шырша безендіру, бірінші болып безендіріп болған топ өз шыршаларын қол ұстаса айналу | |
| **Таңертенгі жаттығу** | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешенін музыка ырғағымен таза ауада орындау. **(музыка,)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл-ған іс-әрекетке дайындық** | **Жылулық шеңбері** | | | | |
| **Ұйымдастырыл-ған іс-әрекеттер** | **Математика негіздері**<br>Шыршаларды санау, шыршалардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіну.<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырма**<br>Картотека №55 «Санап шығайық!»<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>*«Аяз ата мен Ақшақар»* тақырыбында қызықты әңгіме айту. Сөйлегенде бейнелі сөздерді салыстыруды қолдану.<br>**Дидактикалық тапсырма**<br>«Суретке қарап әңгімелеу»<br>*Жаңа жылдық мереке бейнеленген суреттерге қарап әңгімелеу, балаларға, мерекеге ат қою.*<br>**Қазақ тілі**<br>Шағын өлеңдер, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешу.<br>*Әкем таңдап әкелді*<br>*Ең үлпілдек шыршаны,*<br>*Иісі аңқыған шыршаны,*<br>*Жарқыраған шыршаны...* | **Математика негіздері**<br>Шыршадағы ойыншықтарды санау, ойыншықтардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіну.<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырма**<br>Картотека №55 «Санап шығайық!»<br>**Көркем әдебиет**<br>*«Жыл басына таласқан хайуаеннаттар»* ертегісі. Ертегіні тыңдау, әңгімелеу. Кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарастарын білдіру.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дабыстарды анықтау.<br>**Қолданылатын негізгі сөздер:** *«Шырша», «Шам», «Ойыншық», «Жасыл»*<br>**Дидактикалық ойын түріндегі** | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дабыстарды анықтау.<br>**Қолданылатын негізгі сөздер:** *«Жаңа», «Жыл», «Мереке», «Жыл басы».*<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырмалар**<br>№10 «Дыбыстық талдау»<br>**Музыка**<br>Әуеннің ырғақтың бейнесін сілкімелі қоңырау аспабында жеке және топпен ойнау.<br>**Ән тыңдау:** Ағылшын әні «Jingle bells»<br>Әннің әуенін қоңырау аспабында ойнау.<br>**Ән үйрену:** «Құтты болсын, жаңа жыл» Е.Бекболатов<br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру.**<br>Қалаулары бойынша орталықтарға бөлініп «Жаңа жыл» тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, қағаздан қиып жапсыру. Құрастыру бойынша ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу, | **Математика негіздері**<br>Жаңа жылдық сыйлықтарды санау, сыйлықтардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіну.<br>**Дидактикалық ойын түріндегі тапсырма**<br>Картотека №55 «Санап шығайық!»<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>*«Жаңа жылдық шыршалар»* тақырыбында қызықты әңгімелер айту. Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.<br>**Дидактикалық тапсырма**<br>«Суретке қарап әңгімелеу»<br>**Қазақ тілі**<br>Шағын өлеңдер, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешу.<br>***Жұмбақ***<br>*Айналып жүріп шыршаны,* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Жұпар иісі аңқыды,*<br>*Апамды да мәз қылды!*<br>***Жұмбақ***<br>*Жасыл ине киімім,*<br>*Жайлаймын тау биігін.*<br>*Жаңа жылды тойласаң,*<br>*Төріңдемін үйіңнің. (Шырша)*<br>*Тікен,тікен тік пісте,*<br>*Қысы жазы бір түсте (Шырша)*<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Қос аяқтап заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып, бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр).<br>**Эстафеталық ойындар қйымдастыру** «Кім шапшаң?», «Қос аяқ», «Кедергі шыршалар» *кішкентай шыршалар арасымен қос аяқтап, оң және сол аяқпен секіру.* | **тапсырмалар**<br>№10 «Дыбыстық талдау»<br>№42 картотека «Шардағы әріптер»<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату. Таза ауада **шана ойындарын** ұйымдастыру, қауіпсіздік ережелерін есте ұстау.<br>**Қимылды спорттық ойын:** «Шана жарысы» | шығармашылық ойлауды дамыту.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Мемлекеттік мерекенің (жаңа жыл) маңыздылығын түсіну, белсене қатысу.<br>**<u>Сәнді шырша</u>**<br>*Мәз болып, жиналып көп бала,*<br>*Бір-бірін құшақтап топтала,*<br>*Ойыншық іліп жүр шыршаға,*<br>*Неткен көп ойыншық мұншама.*<br>*Дайын тұр тақпақ пен әніміз,*<br>*Әрдайым құлпырсын сәніміз!*<br>*Айым Мәженова* | *Барлық адам ән салды.*<br>*Барлығы да шаттанып,*<br>*Қай мезгілді қарсы алды?*<br>*(жаңа жыл)*<br>*Бір ақсақал жылына,*<br>*Бір-ақ рет келеді.*<br>*Көп қызы мен ұлына,*<br>*Сыйлық әкеп береді.*<br>*(Аяз ата)*<br><br>**Музыка**<br>Әуеннің ырғақтың бейнесін сілкімелі қоңырау аспабында жеке және топпен ойнау.<br>**Ән тыңдау:** Ағылшын әні «Jingle bells»<br>Әннің әуенін қоңырау аспабында ойнау.<br>**Ән үйрену:** «Құтты болсын, жаңа жыл» Е.Бекболатов | |
| **Серуенге дайындық** | Өз-өзіне қызмет көрсету. Өз еркімен аяқ киімін ауыстырып, бас киімдерін киіп, қатарға тұру дағдыларын қалыптастыру. Ауа райын ескеру. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. **(қазақ тілі)**<br>Қатармен жұптасып жүре отырып, музыка іс әрекетінен үйренген әндерін айқайламай хормен орындай отырып ойын алаңына бару. **(музыка)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br>Бүгінгі ауа райын бақылау.<br><br>Шеңберге тұрып, бүгінгі ауа райы туралы өз ойларын айту.<br>**(қазақ тілі)**<br><br>Еркін ойындар. | **Шығармашылық іс-әрекет**<br><br>Көңілді әуенге ырғақты - қимылдар орындау, флешмоб ұйымдастыру. **(Музыка)**<br><br>Балалардың еркін ойын әрекеті<br><br>Таза ауада тыныс алу жаттығуы: *«Ұлпа қарды үрлеу»* | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті**<br>Бүгінгі ауа райы бойынша қарды бақылау.<br>-Балалар қарды қолға ұстасақ қарға не болады?<br>-Ал еріген суды суыққа шығарсақ не болады?<br><br>Шеңберге тұрып, ауа райы, жел туралы өз ойларын айту.<br>**(қазақ тілі)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br>Бүгінгі ауа райын бақылау.<br><br>Шеңберге тұрып, бүгінгі ауа райы туралы өз ойларын айту.<br>**(қазақ тілі)**<br><br>**Қимылды ойын** «Қар атысып ойнау»<br><br>Еркін ойындар | . |
| **Серуеннен оралу** | -Топқа оралуға дайындалу, үстерін қағу, қатарға тұру;<br>-Қатарды бұзбай топқа оралып, аяқ киімдерін ауыстыру, бас киімдерін жоғарғы сөреге қою; **(еңбек іс-әрекеті)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Әжетхананы дұрыс қолдану, беті- қолдарын сабынмен мұқият жуу; **(еңбек іс-әрекеті)**<br>-Серуен кезіндегі бақылауды еске түсіріп, сұраққа жауап беру; **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>-Жаңылтапшатар қайталап, жұмбақтар шешу. **(қазақ тілі)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Балалардың қалауы бойынша боямақтарды таңдап алып ұқыпты бояу.<br>**(Шығармашылық іс-әрекет), (бейнелеу іс-әрекеті)** | **Үстел үсті ойыны** №5 картотека «Лабиринт»<br>Жаңа жылға тән бейнелерді байланыстыру.<br>**(танымдық іс-әрекет)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br><br>Кітаптар, журналдардан мерекелік суреттер қарау, алған әсерлерімен бөлісу. | **Шығармашылық іс-әрекет**<br>«Аяз атадан сыйлық» тақырыбында сурет салу. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балалар күні бойғы іс-әрекет кезінде жеке жұмысты қажет ететін балаларға көңіл бөлу, ептілік дағдыларын қалыптастыру. Жеке түсіндіріп, көрсету, қайталату. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті.**<br>Егер дұрыс болса, балалар алақандарын шапалақтайды, дұрыс емес болса, аяқтарын топылдатады.<br>- Жаңа жыл мерекесі жазда болады<br>- Жаңа жыл мерекесінде Аяз ата келеді<br>- Шыршаның түсі қызыл болады<br>- Аяз ата сыйлықтар алып келеді<br>- Өнер көрсетпеген балаға Аяз ата сыйлық береді<br>- Аяз атаға Ақша қар еріп келеді<br>-Ақшақар Аяз атаның немере қызы<br><br>Қалаулары бойынша орталықтарда ойнау. | **Қимылды ойын**<br>«Кім жылдам»<br>*(Қағаздан қар кесектерін жинау, шырша безендіру, шырша ойыншықтарын жинау)* | Балалардың еркін әрекетіне мүмкіндік беру, бақылау, әрекетіне байланысты сұрақтарға жауап алу**.**<br><br>**Еркін әрекеттер:** құрастырғыштармен, боямақ бояу, сюжеттік рөлдік ойындар ойнау, кітап қарау. | **Үстел үті ойыны №1 картотека**<br>«Пазылдар әлемі»<br><br>Жаңа жыл мерекесінің ерекшеліктері бейнеленген пазлдарды құрап шығу, бейне бойынша әңгімелеу. | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | -Отбасымен мереке туралы әңгімелесуге кеңес беру;<br>-Ата-аналардың сұрақтарына жауап;<br>-Ата-аналармен баланың мерекелік көңіл-күйі жайында сұхбат;<br>-Демалыс күндері балалармен бірге көңілді уақыт өткізуге ұсыныс айту, сәтті күн тілеу. | | | | |